

Адильбаева А.С. , Ақашева Д.Ж.*^{*}, Кумарханова Е.Б.

«Alikhan Bokeikhan University», Семей қ., Қазақстан

Экологиялық үдерістер және олардың миграциялық үдерістерге әсері (этностардың қоныс аударуы)

АҢДАТПА. Экологиялық үдерістер этностардың миграциялық қозғалыстарына үлкен әсер етеді, табиғи жағдайларға да, әлеуметтік-экономикалық ортаға да ықпал жасайды. Климаттың өзгеруі, мысалы, температураның жоғарылауы, құрғақшылық, су тасқыны және басқа да төтенше ауа райы құбылыстары ресурстардың, соның ішінде судың және азық-түліктің жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін. Бұл, өз кезегінде, адамдардың қолайлы өмір сүру жағдайларын іздеу үшін көшуіне себеп болады.

Сонымен қатар, экожүйелердің бұзылуы және биологиялық әртүрліліктің жоғалуы этностарды өздерінің тарихи жерлерін тастап кетуге мәжбүр етуі мүмкін, бұл көбінесе мәдени ассимиляцияға және дәстүрлі білімнің жоғалуына әкеледі. Экожүйелері қауіп төніп тұрған аймақтарда ресурстар үшін қақтығыстар көбейіп, миграциялық үдерістерді одан әрі жеделдетеді.

Экологиялық дағдарыстар тек табиғи ортаға емес, сонымен бірге этностардың экономикалық қызметіне де ықпал етеді: ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, балық шаруашылығы сияқты негізгі тіршілік көздерінің әлсіреуі халықтың қоныс аударуына түрткі болады. Миграциялық үдерістердің салдарынан жаңа аймақтарға қоныстанған этностар жергілікті халықпен мәдени, тілдік және әлеуметтік тұрғыда өзара ықпалдасады, бұл этномәдени әртүрліліктің жаңа формаларын қалыптастырады.

Бұдан бөлек, экологиялық миграция үрдістері көбінесе саяси тұрақсыздық пен әлеуметтік шиеленісті де күшейтуі мүмкін, себебі табиғи ресурстарға деген бәсекелестік артып, көші-қон ағындары бақылаусыз сипатқа ие болады. Осылайша, экологиялық өзгерістер этностардың қоныс аударуына тікелей де, жанама да факторлар ретінде ықпал етуі мүмкін, жаңа миграциялық ағымдарды қалыптастырып, мәдени және әлеуметтік өзара әрекеттесу динамикасын өзгертеді. Бұл құбылыстарды зерттеу болашақтағы миграциялық саясатты дұрыс жоспарлау және этностардың бейімделу механизмдерін түсіну үшін маңызды.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: миграциялық қозғалыс, экожүйе, экологиялық үдеріс, ресурс, агроэкологиялық өзгеріс, биоалуантүрлілік, радиациялық ластану, миграция.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АЛҒЫС: Зерттеуге демеушілік қолдау көрсетілмеді (жеке ресурстар).

ДӘЙЕКСӨЗ ҮШІН: Адильбаева, А.С., Ақашева, Д.Ж., Кумарханова, Е.Б. (2026). Экологиялық үдерістер және олардың миграциялық үдерістерге әсері (этностардың қоныс аударуы). *Social Sciences & Digital Humanities*, 1(1), 102-116. https://doi.org/10.51885/3107-2755_SSADH_2026_1_7

Мақала тарихы:

Редакцияға түсті: 14.01.2026

Жариялау туралы шешім қабылданды: 04.02.2026

Жарияланды: 31.03.2026

* Хат-хабаршы авторы: Ақашева Дильназ Жұлдызқызы, e-mail: akasheva02@inbox.ru

Адильбаева А.С. , Ақашева Д.Ж.* , Кумарханова Е.Б.

«Alikhan Bokeikhan University», г. Семей, Казахстан

Экологические процессы и их влияние на миграционные процессы (переселение этносов)

АННОТАЦИЯ. Экологические процессы оказывают значительное влияние на миграционные движения этносов, воздействуя как на природные условия, так и на социально-экономическую среду. Изменение климата, например, повышение температуры, засухи, наводнения и другие экстремальные погодные явления могут привести к нехватке ресурсов, включая воду и продовольствие. Это, в свою очередь, становится причиной переселения людей в поисках более благоприятных условий для жизни.

Кроме того, разрушение экосистем и утрата биологического разнообразия могут вынудить этносы покинуть свои исторические земли, что нередко приводит к культурной ассимиляции и утрате традиционных знаний. В районах, где экосистемам угрожает опасность, конфликты за ресурсы учащаются, что дополнительно ускоряет миграционные процессы.

Экологические кризисы влияют не только на природную среду, но и на экономическую деятельность этносов: ослабление таких основных сфер жизнеобеспечения, как сельское хозяйство, скотоводство и рыбный промысел, способствует увеличению числа переселений. В результате миграционных процессов этносы, переселяясь в новые регионы, вступают в культурное, языковое и социальное взаимодействие с местным населением, что способствует формированию новых форм этнокультурного разнообразия.

Кроме того, процессы экологической миграции зачастую усиливают политическую нестабильность и социальную напряженность, поскольку конкуренция за природные ресурсы возрастает, а потоки миграции приобретают неконтролируемый характер.

Таким образом, экологические изменения могут воздействовать на переселение этносов как прямыми, так и косвенными факторами, формируя новые миграционные потоки и изменяя динамику культурного и социального взаимодействия. Изучение этих процессов имеет важное значение для правильного планирования будущей миграционной политики и понимания механизмов адаптации этносов.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: миграционные движения, экосистема, экологический процесс, ресурс, агроэкологические изменения, биоразнообразие, радиоактивное загрязнение, миграция.

КОНФЛИКТ ИНТЕРЕСОВ: Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

ФИНАНСИРОВАНИЕ И БЛАГОДАРНОСТИ: Исследование не имело спонсорской поддержки (собственные ресурсы).

ДЛЯ ЦИТИРОВАНИЯ: Адильбаева, А.С., Ақашева, Д.Ж., Кумарханова, Е.Б. (2026). Экологические процессы и их влияние на миграционные процессы (переселение этносов). *Social Sciences & Digital Humanities*, 1(1), 102-116. https://doi.org/10.51885/3107-2755_SSADH_2026_1_7

* Автор-корреспондент: Ақашева Дильназ Жұлдызқызы, e-mail: akasheva02@inbox.ru

Ecological Processes And Their Impact On Migration Processes (Ethnic Relocation)

ABSTRACT. Ecological processes have a significant impact on the migratory movements of ethnic groups, affecting both natural conditions and the socio-economic environment. Climate change, such as rising temperatures, droughts, floods, and other extreme weather events, can lead to a shortage of resources, including water and food. This, in turn, drives people to migrate in search of more favorable living conditions.

In addition, the destruction of ecosystems and the loss of biodiversity may force ethnic groups to abandon their historical lands, often leading to cultural assimilation and the loss of traditional knowledge. In regions where ecosystems are under threat, conflicts over resources tend to increase, further accelerating migration processes.

Ecological crises affect not only the natural environment but also the economic activities of ethnic groups: the decline of key livelihoods such as agriculture, livestock farming, and fishing promotes population displacement. As a result of migration processes, ethnic groups settling in new regions engage in cultural, linguistic, and social interaction with the local population, leading to the emergence of new forms of ethnocultural diversity.

Moreover, ecological migration processes often exacerbate political instability and social tensions, as competition for natural resources intensifies and migration flows become increasingly uncontrolled.

Thus, ecological changes can influence the migration of ethnic groups through both direct and indirect factors, forming new migration flows and altering the dynamics of cultural and social interaction. Studying these phenomena is crucial for the proper planning of future migration policies and for understanding the mechanisms of ethnic adaptation.

KEYWORDS: migratory movements, ecosystem, ecological process, resource, agroecological changes, biodiversity, radiation pollution, migration.

CONFLICT OF INTEREST: The authors declares that there is no conflict of interest.

ACKNOWLEDGEMENTS AND FUNDING: The study had no sponsorship support (own resources).

FOR CITATION: Adilbayeva, A.S., Akasheva, D.Zh., Kumarhanova, E.B. (2026). Ecological processes and their impact on migration processes (ethnic relocation). *Social Sciences & Digital Humanities*, 1(1), 102-116. <https://doi.org/10.51885/3107-2755> SSADH 2026 1 7

* Corresponding author: Akasheva Dilnaz Zhuldyzkzy, e-mail: akasheva02@inbox.ru

КІРІСПЕ

Бұл мақалада экологиялық факторлардың этностардың миграциясына әсері теориялық және тарихи мысалдар арқылы жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – экологиялық өзгерістер мен этностар қозғалысының өзара байланысын ашу және оның қазіргі заманғы үдерістердегі орнын анықтау.

Экологиялық процестер – климаттың өзгеруі, шөлейттену, табиғи апаттар, экожүйелердің бұзылуы – адамның өмір сүру жағдайына, табиғи ресурстарды пайдалану мүмкіндіктеріне және белгілі бір аймақта тұрақтап қалу қабілетіне тікелей әсер етеді. Тарихи деректер көрсеткендей, адамзаттың ежелгі дәуірден бері миграциялық қозғалыстары көбінесе қоршаған ортаның табиғи өзгерістеріне жауап ретінде туындаған. Мысалы, мұз дәуірлерінің аяқталуы немесе құрғақшылық кезеңдері халықтардың жаңа мекендерге көшуіне түрткі болған.

Экологиялық өзгерістер миграцияның қозғаушы күші ғана емес, сонымен бірге этностардың жаңа табиғи және әлеуметтік жағдайларға бейімделуіне ықпал ететін маңызды фактор ретінде де көрінеді. Белгілі бір этностың жаңа экологиялық ортаға бейімделуі оның шаруашылық түрінің, мәдениетінің және өмір салтының өзгеруіне алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, экологиялық өзгерістер этностардың әлеуметтік ұйымдарына, мәдени байланыстарға және саяси құрылымдарға да әсер етеді. Әсіресе табиғи ресурстардың тапшылығы және жердің құнарсыздануы этностар арасында ресурстар үшін бәсекелестікті күшейтіп, жаңа қоныстарға көшуді қажет еткен.

Бұл мақалада этностардың миграциясына әсер ететін негізгі экологиялық факторлар тереңінен зерттеледі, сондай-ақ олардың әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдарға тигізетін ықпалы талданады. Миграциялық процестер тек бір аймақтың ішіндегі ғана емес, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі әлеуметтік өзгерістерге әсер ететін фактор болып табылады. Мысалы, белгілі бір аймақтағы экологиялық дағдарыс, мысалы, шөлейттену немесе су тапшылығы, өзге елдерге қоныс аударған халықтардың көбеюіне және халықаралық көші-қон саясатының қайта қаралуына әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы жаһандық экологиялық дағдарыстардың (мысалы, климаттың жаһандық жылынуы, судың тапшылығы, биологиялық әртүрліліктің азаюы) болашақтағы миграциялық қозғалыстарға ықтимал әсері де қарастырылады. Бұл факторлар тек этностардың физикалық көшуін ғана емес, сонымен қатар олардың мәдени интеграциясын, жаңа қоғамдарға бейімделуін, және түрлі әлеуметтік және саяси құрылымдардағы жаңа өзгерістерді алып келуі мүмкін. Әсіресе экологиялық қауіп-қатерлердің күшеюі халықтардың мәжбүрлі қоныс аударуын жиілетіп отыр. Бұл өз кезегінде жаңа әлеуметтік қақтығыстарға, мәдени өзара әрекеттестікке және халықаралық көші-қон саясатының қайта қаралуына себеп болуы мүмкін. Сонымен бірге, миграциялық үдерістердің терең экологиялық себептері мен әлеуметтік-саяси салдарын түсіну, тек қазіргі заманның ғана емес, болашақта да жаһандық деңгейдегі экологиялық және әлеуметтік теңсіздікті шешуге бағытталған ғылыми зерттеулер мен саясаттар қалыптастыруға көмектеседі.

Мақалада сонымен қатар экологиялық қауіп-қатерлердің халықтың денсаулығына әсері, экологиялық миграцияның жаңа тенденциялары және миграцияның саяси әсерлері сияқты қосымша аспектілер талқыланады. Бұл мәселелер қазіргі заманғы қоғамның алдында тұрған негізгі экологиялық және саяси сұрақтарды қозғап, көші-қон мәселесінің тек экономикалық немесе әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге экологиялық көзқарас тұрғысынан да қарастыру қажеттілігін көрсетеді.

Экологиялық үдерістердің миграцияға бірнеше әсерлері болады, соларға тоқталсақ, бірінші әсері климаттың өзгеруі.

Климаттық өзгерістердің нәтижесінде кейбір аймақтарда өмір сүру жағдайлары қиындай түседі. Мысалы, шөлейттену, теңіз деңгейінің көтерілуі, су тапшылығы, табиғи апаттар (су тасқыны, құрғақшылық, жер сілкінісі) халықты өз аймақтарынан көшуге мәжбүр етеді. Бұндай көші-қон үрдісіндегі адамдарды климаттық мигранттар деп атайды. Яғни, климаттың өзгеруі немесе қоршаған ортадағы табиғи апаттар салдарынан уақытша немесе тұрақты түрде өз мекенінен басқа жерге қоныс аударуға мәжбүр болған адамдар. Мұндай жағдайлар көбіне ауыл

шаруашылығына тәуелді этностарға әсер етеді, себебі олардың өмір сүруі тікелей табиғи ресурстарға байланысты.

Климаттық өзгерістердің көші-қонға әсері көбіне адамдардың өмір сүру үшін қажетті ресурстарға қол жеткізу қабілетінің төмендеуімен байланысты. Ауа райының күрт өзгеруі, жауын-шашынның ауытқуы, ауыл шаруашылығы үшін қолайсыз жағдайлардың пайда болуы адамзаттың өмір сүру салтына және экономикалық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мысалы, құрғақшылық кезеңдері ауыл шаруашылығына тәуелді халықты егіншілікпен айналысатын аймақтардан өзге жерлерге көшуге мәжбүр етеді. БҰҰ деректеріне сүйенсек, 2022 жылы табиғи апаттар салдарынан 32,6 миллион адам ішкі көші-қонға ұшыраған, ал 2050 жылға қарай климаттық себептермен 200 миллионға жуық адам өз аймақтарынан көшуі мүмкін деген болжам бар.

Бангладеш сияқты елдерде, теңіз деңгейінің көтерілуі нәтижесінде жыл сайын 500,000-нан астам адам жағалаулық аймақтардан ішкі миграцияға ұшырайды. Сахель аймағында Солтүстік Африка жерінде шөлейттену мен құрғақшылық салдарынан миллиондаған адам ауыл шаруашылығынан бас тартып, қалаларға қоныс аударуға мәжбүр болады. Бұл көрініс климаттық миграцияның жаһандық масштабы мен оның адамның өмір сүру шарттарына әсерін айқын көрсетеді.

Климаттың өзгеруі экожүйелердің қалыпты функцияларын да өзгерте алады. Ауа температурасының көтерілуі, жауын-шашынның ауытқуы, құрғақшылықтың жиілеуі және су ресурстарының өзгеруі өсімдіктер мен жануарлардың жаңа жағдайларға бейімделу қажеттілігін арттырады. Табиғаттағы тепе-теңдіктің бұзылуы, кейбір түрлердің жойылып кетуі немесе таралу аймақтарының өзгеруі биоалуантүрліліктің азаюына алып келеді. Сонымен қатар, экологиялық процестердің өзгеруі жергілікті экожүйелердегі су, көміртегі және азот циклдерінің өзгеруіне әкеп соғады. Бұл өзгерістер ғаламдық деңгейде де байқалып, мысалы, мұздықтардың еруі немесе теңіз деңгейінің көтерілуі сияқты үлкен экологиялық дағдарыстарға алып келеді.

Климаттық өзгерістердің әсерінен экологиялық теңсіздіктер тереңдей түсуі мүмкін, себебі қоршаған ортадағы тұрақсыздықтар мен табиғи апаттар халықтар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті күшейтуі ықтимал. Әсіресе экологиялық дағдарыстардың ықпалы ең әлсіз және кедей қоғамдарға көбірек сезіледі, себебі олар табиғи ресурстарға тәуелді және бұл өзгерістерге бейімделу қабілеттері шектеулі. Мұның өзі жаңа миграциялық толқындарға, сонымен қатар әлеуметтік, саяси және экономикалық тұрақсыздықтарға себеп болуы мүмкін.

Климаттық өзгерістердің тек экожүйелер мен адамдарға емес, сондай-ақ саяси, экономикалық жүйелерге де кері әсерін тигізетіні анық. Жаһандық экологиялық дағдарыстарды шешу үшін халықаралық ынтымақтастық қажет, бірақ климаттық миграция мен экологиялық теңсіздікті жеңу үшін жеке мемлекеттер мен өңірлік ұйымдар да белсенді әрекет етуі тиіс. Климаттық өзгерістердің салдарын жеңілдету, тұрақты экожүйелер мен табиғи ресурстарды қорғау үшін инновациялық әдістер мен шешімдер қажет.

Осылайша, климаттық өзгерістер тек экологиялық және экономикалық процестерді ғана емес, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік жүйелерді де өзгертіп, этностардың миграциясына үлкен әсерін тигізуде. Тұрақты экологиялық жүйелер мен адамзаттың тіршілік жағдайларын сақтау үшін кешенді шаралар қабылдануы керек.

Табиғи ресурстардың сарқылуы экологиялық және әлеуметтік дағдарыстарды күшейтуі мүмкін, өйткені жергілікті халықтар мен этностар арасында осы ресурстарға қол жеткізу үшін бәсекелестік артады. Табиғи ресурстардың азаюы, мысалы, су ресурстарының тапшылығы немесе ормандардың кесілуі, жердің деградациясы мен шөлейттену сияқты экологиялық процестер халықтың экономикалық жағдайына теріс әсер етеді, сонымен қатар әлеуметтік шиеленістердің күшеюіне әкеледі. Қоғамдық бірліктің төмендеуі мен әлеуметтік

тұрақсыздықтың артуы миграциялық процестерді де шиеленістіреді. Бұл жағдайда табиғи ресурстардың тапшылығы экономикалық мүмкіндіктердің азаюына, жұмыссыздықтың өсуіне, өмір сүру деңгейінің төмендеуіне алып келуі мүмкін, нәтижесінде халық көшуге мәжбүр болады.

Ресурстардың сарқылуы кейде этностар арасында тікелей қақтығыстар мен дауларды туындатуы мүмкін, өйткені жер, су және басқа табиғи ресурстарға қол жеткізу – этникалық топтардың тіршілігі мен мәдениеті үшін маңызды. Мысалы, ауыл шаруашылығына тәуелді қоғамдарда су мен жер тапшылығы олардың дәстүрлі шаруашылығын жүргізу мүмкіндігін шектейді, бұл этностардың өз аумақтарынан қоныс аударуына әкеледі.

Көшіп барған аймақта жаңа жағдайларға бейімделу көптеген қиындықтарды тудырады. Жаңа жерлерде этникалық топтардың мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін сақтау қиын болады, өйткені олар жаңа әлеуметтік және экономикалық шарттармен бетпе-бет келеді. Бұл өз кезегінде этностардың өз мәдениетін қорғау, тілдерін сақтау және әлеуметтік интеграция мәселелерін көтереді. Сонымен қатар, басқа этностармен арадағы қарым-қатынастар мен қақтығыстар жаңа жерлерде этникалық қауымдастықтардың қалыптасуына әсер етуі мүмкін.

Нәтижесінде, табиғи ресурстардың сарқылуы тек экологиялық және экономикалық мәселелер туындатпайды, сонымен бірге әлеуметтік және мәдени процестерге теріс әсер етеді. Бұл этникалық топтардың өмір салтын өзгертуге, қоғамдағы орны мен әлеуметтік құрылымына қауіп төндіреді. Сонымен қатар, табиғи ресурстардың тапшылығы миграцияның кеңеюіне және әлем бойынша әлеуметтік шиеленістердің күшеюіне себеп болуы мүмкін.

АГРОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Ауыл шаруашылығы өндірісінің өзгеруі және аграрлық жерлердің құлдырауы халықтың миграциясына айтарлықтай әсер етуде, әсіресе ауылдық аймақтардан қалаларға немесе басқа елдерге көшу тенденциясы байқалады. Аграрлық өндірістің тұрақсыздығы, табиғи ресурстардың сарқылуы және экологиялық дағдарыстар адамдарды өздерінің дәстүрлі шаруашылығын жүргізу мүмкіндіктерінен айырып, жаңа жерлерге көшуге мәжбүр етеді. Бұл процесс әсіресе ауыл шаруашылығына тәуелді этникалық топтарға қатты әсер етеді, себебі олар үшін жер мен су ресурстарының қолжетімділігі тіршіліктің негізі болып табылады.

Тарихта агроэкологиялық жағдайлардың нашарлауы көптеген халықтардың миграциясын тудырғанын көруге болады. Мысалы, Орта Азияда көшпелі халықтар климаттың өзгеруі мен экологиялық факторларға байланысты үнемі жаңа жайылымдар мен егіншілікке қолайлы жерлерді іздеп қоныс аударған. Түркі және моңғол тайпаларының көшуі көбінесе экологиялық факторларға байланысты болғаны тарихтан белгілі.

Қазақстан мен Орталық Азияда орын алған экологиялық дағдарыстар, оның ішінде Арал теңізінің тартылуы, агроэкологиялық жағдайлардың нашарлауына айқын мысал бола алады. Арал теңізінің экологиялық апаты аймақтағы халықтардың миграциясын жеделдетті. Сырдария мен Өмудария өзендерінің суын ауыл шаруашылығы алқаптарына бұру Арал теңізінің деңгейін күрт төмендетіп, оның экологиялық балансына үлкен әсер етті. Бұл жағдайдың салдары өте ауыр болды: суармалы жерлердің кебуі, топырақтың тұздануы және ауыл шаруашылығының құлдырауы аймақтың тұрғындарын күнкөріс көзін жоғалтуға алып келді. Арал теңізінің тартылуы миллиондаған адамды өз жерінен көшуге мәжбүр етті.

Арал теңізінің экологиялық дағдарысы агроэкологиялық миграцияның айқын мысалы болып табылады. Қызылорда облысы мен Өзбекстанның Қарақалпақстан өңірінен мыңдаған адам қалаларға көшіп, жаңа өмір сүру жағдайларына бейімделді. Бұл процесс этностардың мәдени ерекшеліктерін сақтауға қиындықтар туғызып, олардың дәстүрлі өмір салтын өзгертуге мәжбүр етті. Миграцияның нәтижесінде қалаларда жаңа этникалық қауымдастықтар қалыптасып, қоғамдағы әлеуметтік және мәдени өзгерістер орын алды.

Қазақстан үкіметі мен халықаралық ұйымдар Арал теңізінің экологиялық апатын жою

мақсатында бірқатар жобаларды жүзеге асырды, оның ішінде Кіші Арал жобасы, яғни Көкарал бөгеті салынды. Бұл жобаның нәтижесінде Солтүстік Арал аймағындағы су деңгейі біршама қалпына келіп, жергілікті балық шаруашылығы қайта жанданды. Бірақ Оңтүстік Арал әлі де экологиялық апат аймағы болып қалуда, ал оның салдары жергілікті халықтың миграциясын жалғастыруда.

Қазіргі уақытта климаттың өзгеруі ауыл шаруашылығына да әсер етуін тоқтатқан жоқ. Су тапшылығы, жер деградациясы және табиғи апаттар қазіргі заманғы экологиялық дағдарыстарға айналып, миграциялық процестерді жеделдетуде. Әсіресе ауыл шаруашылығымен айналысатын халықтар үшін бұл қиындықтар күнкөріс көзінің шектелуіне, жұмыс орындарының азаюына және өмір сүру жағдайларының күрт нашарлауына әкелуде. Болашақта климаттың өзгеруі мен экологиялық апаттар тұрғындардың көшіп-қонуына әкелетін басты факторлардың бірі болып қала бермек.

Бұл жағдайлар табиғи ресурстардың сарқылуы, агроэкологиялық жағдайлардың нашарлауы және климаттық өзгерістердің миграциялық процестермен өзара байланысын айқын көрсетеді. Экологиялық миграцияның ауқымы мен маңыздылығы, әсіресе ауылдық аймақтардан қалаларға көшу және басқа елдерге эмиграция жасайтын адамдардың санының өсуі, қазіргі кезде әлемдік қауымдастықтың басты назарында.

ТАБИҒИ АПАТТАР

Табиғи апаттар этностардың қоныс аударуына айтарлықтай зиян келтіреді және олардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени жағдайына елеулі әсерін тигізеді. Қоныс аударудың негізгі себептері ретінде бірнеше табиғи апат түрлерін атауға болады: жер сілкіністері, су тасқындары, орман өрттері, құрғақшылықтар және тайфундар. Бұл апаттардың этностарға әсері төмендегідей сипатта болады:

Физикалық қауіп, яғни, адамның өміріне тікелей қатысы болады. Үйлердің қирауы, инфрақұрылымның бұзылуы, ауыз су тапшылығы және азық-түлік жетіспеушілігі сияқты мәселелер салдарынан адамдар мәжбүрлі түрде басқа аймақтарға қоныс аударады.

Экономикалық залал, көптеген этностар табиғи ресурстарға немесе жергілікті экономикалық жүйелерге тәуелді. Табиғи апаттар шаруашылықты, егіншілікті, мал өсіруді және басқа да тіршілік көзі болып табылатын салаларды жояды. Нәтижесінде халық жұмыссыздыққа ұшырап, басқа аймақтарға немесе қалаларға көшуге мәжбүр болады.

Мәдени ерекшеліктердің жоғалуы, көшіп-қону салдарынан этностардың мәдени ерекшеліктері, дәстүрлері, тілі және өмір салты өзгеріске ұшырауы мүмкін. Кейбір жағдайларда бұл мәдени элементтер уақыт өте келе жойылып кетуі мүмкін.

Әлеуметтік кедергілер, қоныс аударған халық жаңа аймақта тұрғылықты халықпен мәдениетаралық кедергілерге тап болуы мүмкін. Бұл жағдай этностар арасындағы шиеленістердің туындауына немесе әлеуметтік ыдырауға әкелуі мүмкін.

Этностардың құқығының бұзылуы, қоныс аударуға мәжбүр болған этностардың заңды құқықтары бұзылуы ықтимал. Жергілікті билік органдары мен халықаралық ұйымдар бұл халықтардың мәселелерін шеше алмауы немесе жеткіліксіз көмек көрсетуі мүмкін.

Табиғи апаттар этностарға үлкен залал келтіре отырып, олардың қоныс аударуына ықпал етеді, бұл тек әлеуметтік-экономикалық емес, сондай-ақ мәдениетаралық өзгерістерге де әкеледі.

Табиғи апаттар, әсіресе климаттың өзгеруі мен адам әрекетінің салдарынан жиі әрі қарқынды бола бастады. Осы жағдайларға тиімді алдын алу және бейімделу стратегиялары маңызды болып отыр. Мұндай стратегиялардың негізінде әртүрлі тәсілдер мен жүйелер қалыптасқан. Олардың ішінде ерте ескерту жүйелері, көшуді жоспарлау және инфрақұрылымды жақсарту сияқты негізгі бағыттар қарастырылады. Соның ішінде, ерте ескерту жүйелеріне тоқталсақ, ерте ескерту жүйелері табиғи апаттардың пайда болуын алдын ала анықтап, адамдарды ескерту үшін маңызды құрал болып табылады. Бұл жүйелер апаттардың ықтимал уақытта пайда болуын болжауға мүмкіндік береді және халықты тиісті

дайындыққа шақырады. Мысалы, дауыл, жер сілкінісі, су тасқыны сияқты табиғи апаттар бойынша ескерту жүйелері табиғи құбылыстарды бақылайтын құрылғыларды қолдану арқылы іске қосылады. Бұл жүйелердің тиімділігі халықтың қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді, өйткені олар адамдарды уақытында қауіпсіз орындарға көшіріп, қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Келесі көшуді жоспарлау - табиғи апаттардан кейінгі қалпына келтіру жұмыстарын жеңілдету және адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды шара болып табылады. Бұл процесс әртүрлі деңгейде ұйымдастырылуы мүмкін: мемлекет деңгейінде көшуді ұйымдастыру, жедел қызметтер мен жергілікті билік органдарының үйлесімді жұмысы, сондай-ақ халыққа көшу жолдары мен орындары туралы ақпараттың уақытында берілуі қажет. Сонымен қатар, көшуді жоспарлау кезінде тұрғындардың әлеуметтік және экономикалық жағдайлары ескеріледі. Апат аймағында қалған адамдарды көшіру үшін, көлік инфрақұрылымын жақсарту және эвакуация жолдарының тиімділігі жоғары болуы керек.

Соңғы тиімді шара инфрақұрылымды жақсарту, яғни табиғи апаттардың салдарын азайту үшін инфрақұрылымды жақсарту маңызды рөл атқарады. Апаттарға қарсы тұруға арналған құрылыс нормаларын қатаң сақтау, су басуға қарсы бөгеттер мен нығайтылған ғимараттарды салу, электр және байланыс жүйелерін резервтік қуатпен қамтамасыз ету, сондай-ақ тұрғын үйдің төзімділігін арттыру сияқты шаралар қолданылуы тиіс. Бұл инфрақұрылымдық шаралар апаттар кезінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қалпына келтіру жұмыстарын жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Табиғи апаттардың алдын алу мен бейімделу стратегияларының тиімділігі осы шаралардың жүйелі түрде жүзеге асырылуына байланысты. Ерте ескерту жүйелері, көшуді жоспарлау және инфрақұрылымдық жақсартулар апаттардың адам өміріне және экономикаға келтіретін зияндарын айтарлықтай төмендетеді. Сонымен қатар, халықтың табиғи апаттар жағдайында жауапкершілігін арттыру және апаттармен күресуге дайын болу олардың қауіпсіздігі үшін маңызды қадам болып табылады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЛАСТАНУЫ

Ірі өнеркәсіптік қалалар мен аймақтарда ауаның және судың ластануы тұрғындардың денсаулығына кері әсер етеді. Бұл этностардың өмір сүру жағдайларының нашарлауына, аурулардың таралуына және сол аймақтардан көшіп кетуіне себеп болады. Кейбір аудандарда өнеркәсіптік қалдықтар немесе басқа да ластану көздері экологиялық апаттарға (радиоактивті ластану, химиялық қалдықтар) әкелуі мүмкін. Бұл жағдайлар да тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көшу қажеттілігін туындатады.

Мысалы, Қазақстан экологиялық тарихында Семей ядролық полигоны мен Байқоңыр маңы сияқты аймақтар ерекше орын алады. Бұл екі аймақ та экологиялық дағдарыстардың айқын мысалдары болып табылады.

Семей ядролық полигоны – Кеңес Одағы кезеңінде ядролық қаруды сынау үшін пайдаланылған әлемдегі ең үлкен ядролық сынақ полигонының бірі. Бұл полигон 1949 жылдан бастап 1989 жылға дейін жұмыс істеп, жалпы саны 456 ядролық сынақ өткізілген. Оның ішінде атмосфералық, жер үсті және жер асты сынақтары болды. Семей ядролық полигонының орналасқан аймағы Қазақстанның Шығыс Қазақстан облысында, әсіресе Курчатов қаласының маңында еді.

Семей ядролық полигонының экологиялық және әлеуметтік зардаптары өте ауыр болды. Ең басты экологиялық әсері – радиациялық ластану. Ядролық сынақтар ауаға, жерге және су көздеріне радиация таратып, аймақтағы экожүйелерге, жергілікті флора мен фаунаға үлкен зиян келтірді. Радиоактивті заттар топырақ пен судың құрамында қалып, ұзақ уақыт бойы экологиялық тепе-теңдікті бұзды.

Аймақтағы тұрғындар, әсіресе Курчатов қаласының және полигонның айналасындағы

ауылдардың тұрғындары, радиациялық сәулелерден зардап шекті. Бұл сәулелердің әсерінен онкологиялық аурулар, генетикалық мутациялар және басқа да денсаулық мәселелері жиі байқалды. Семей аймағында көптеген адамдарда тұқым қуалайтын аурулар, балалардың денсаулығында ауытқулар, иммундық жүйенің әлсіреуі сияқты проблемалар анықталды.

Сонымен қатар, экожүйелердің бұзылуы да айқын байқалды. Семей ядролық полигонында жүргізілген сынақтар жердің, топырақтың, ауаның және су көздерінің ластануына себеп болды. Аймақтағы флора мен фауна түрлері азайып, көптеген жануарлар мен өсімдіктер жойылып кетті. Экологиялық жағдайдың нашарлауы ауыл шаруашылығын да елеулі түрде әсер етті, себебі топырақтың сапасы төмендеп, су көздері ластанды.

Жергілікті халықтың өмірі мен тұрмысы да қатты өзгерді. Көптеген тұрғындар радиациялық ластанудан қашып, басқа аймақтарға көшуге мәжбүр болды. Мұндай көші-қон халықтың әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізіп, жаңа жерде өмір сүруге бейімделу, жұмыс табу және әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу мәселелерін туындатты.

Семей ядролық полигонының экологиялық және әлеуметтік зардаптарын азайту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық ұйымдар бірқатар шараларды қабылдады. 1991 жылы Семей полигонындағы сынақтар тоқтатылды, ал 1993 жылы Қазақстан ядролық қарудан бас тартты. 1992 жылы Семей аймағын ядролық сынақтар жүргізілген аймақ ретінде жабу туралы шешім қабылданды, бұл халықтың денсаулығын қорғау және экологиялық қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін маңызды қадам болды.

Семей ядролық полигонының тарихы мен оның экологиялық зардаптары қазіргі таңда әлемдік деңгейде танылған экологиялық апаттардың бірі болып саналады. Бұл оқиға адамдардың радиациялық қауіптер туралы хабардар болуын арттырды, ядролық қарулардың сынақтарынан туындайтын экологиялық және әлеуметтік мәселелерге назар аударды.

Экологиялық және әлеуметтік зардаптары:

– Радиациялық ластану: Семей ядролық полигонының жақын аймақтарында радиациялық деңгей өте жоғары болды. Бұл аймақтың тұрғындары жиі ауруларға, оның ішінде онкологиялық ауруларға, генетикалық бұзылуларға және басқа да денсаулық мәселелеріне ұшырады.

– Экожүйенің бұзылуы: Ядролық сынақтар экожүйелердің ауыр зардаптарына, топырақтың ластануына және биоалуантүрліліктің азаюына әкелді. Радиоактивті заттардың ауаға және суға таралуы табиғи ресурстарды ластаған.

– Миграция: Семей полигонының экологиялық жағдайы көптеген тұрғындарды, әсіресе ауыл шаруашылығымен айналысатын халықты, көшіруге мәжбүр етті. Бұл халықтың көші-қонуына әлеуметтік және экономикалық мәселелер қосылды. Жаңадан қоныс аударған адамдар өздерінің мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап қалуда қиындықтарға тап болды. Бұл жағдай этностардың мәдени ерекшеліктерін сақтауға кедергі келтіріп, олардың дәстүрлі өмір салтының өзгеруіне ықпал етті.

Семей полигонының экологиялық жағдайын жақсарту үшін бірқатар шаралар қабылданды. Олардың бірі – экологиялық зиянды жою және халықтың денсаулығын қорғау бағдарламаларын іске асыру. Сонымен қатар, Семей полигонындағы радиациялық ластану деңгейін төмендету мақсатында ғылыми зерттеулер мен қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Байқоңыр ғарыш айлағы – әлемдегі ең үлкен ғарыш айлағының бірі, ол Кеңес Одағының кезеңінде ғарышқа зымырандарды ұшыру үшін пайдаланылды. Қазіргі таңда Байқоңыр Қазақстанның Қызылорда облысында орналасқан және Ресей Федерациясының ғарыш саласына жататын аймақ болып табылады. Байқоңыр мен оның айналасындағы аймақтар экологиялық тұрғыдан ауыр зардаптардан өтуде.

Экологиялық және әлеуметтік зардаптары:

– Ауаның ластануы: Байқоңырдан ұшырылған зымырандардың қалдықтары мен ғарышқа ұшырылатын құрылғылардың химиялық компоненттері қоршаған ортаны ластайды. Бұл аймақтағы ауаның ластануы денсаулыққа теріс әсерін тигізеді.

– Жердің деградациясы: Байқоңыр ғарыш айлағының айналасындағы жерлердің көп бөлігі суармалы емес, күрделі экологиялық жағдайға тап болды. Ғарышқа ұшырылған зымырандар мен басқа да құрылғылардың қалдықтары топырақтың ластануына және жердің деградациясына әкелді.

– Жергілікті халықтың көші-қоны: Байқоңыр аймағында халықтың көп бөлігі ауыл шаруашылығымен айналысқан, бірақ экологиялық жағдайдың нашарлауы олардың күнкөріс көзін жоғалтуына және көші-қонға мәжбүр болуына себеп болды. Қоршаған ортаның ластануы мен шаруашылықтың құлдырауы көптеген этностар мен топтардың қоныс аударуына әкелді. Миграцияның нәтижесінде этностар жаңа жерлерде әлеуметтік және мәдени бейімделу мәселелеріне тап болды, бұл өз кезегінде жаңа әлеуметтік құрылымдардың қалыптасуына ықпал етті.

Семей ядролық полигоны мен Байқоңыр маңы Қазақстандағы экологиялық дағдарыстардың айқын мысалдары болып табылады. Бұл апаттар халықтың денсаулығына, экожүйелерге және әлеуметтік құрылымдарға теріс әсер етті. Адамдар экологиялық жағдайдың салдарынан көшуге мәжбүр болып, жаңа жағдайларға бейімделуге тура келді. Осыған байланысты экологиялық апаттар мен миграция арасындағы байланысты терең зерттеу және тиімді шешімдер қабылдау өте маңызды.

Қоршаған ортаның ластануы мен этностардың мәдени бейімделуі: Экологиялық дағдарыстар мен миграция этностардың мәдениетіне терең әсер етеді. Бұл процесс табиғи апаттардың және қоршаған ортаның ластануы салдарынан басталады, және ол этникалық топтардың әлеуметтік құрылымдары мен мәдени ерекшеліктеріне күрделі өзгерістер әкеледі. Қоныс аудару кезінде халықтар өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтауға, жаңа қоғамда жаңа әлеуметтік құрылымдарға бейімделуге мәжбүр болады. Бұл жағдай жаңа мәдени араласуларға, этникалық топтардың мәдени идентификациясына, сондай-ақ олардың жаңа қоғамдағы орнына айтарлықтай әсер етеді.

Миграция нәтижесінде көптеген этностар өздерінің дәстүрлі шаруашылығын және мәдени өмір салтын өзгертуге, кейде жаңа әлеуметтік жағдайлармен толықтай үйлесім табуға қиындықтармен бетпе-бет келеді. Бұл бейімделу процесі көбінесе әлеуметтік, мәдени және психологиялық деңгейде стресс пен қиындықтарға әкеледі. Мысалы, табиғи апаттар мен экологиялық дағдарыстар нәтижесінде қоныс аударған халықтар жаңа жерде өзінің дәстүрлі шаруашылығын жалғастыра алмайды, бұл өз кезегінде оларды жаңа еңбек нарығына бейімделуге, кәсіби дағдыларын өзгертуге мәжбүр етеді.

Қоршаған ортадағы өзгерістер, әсіресе экологиялық апаттар мен ластану, халықтың денсаулығына теріс әсерін тигізіп, олардың әлеуметтік құрылымдарын өзгертуге себеп болады. Өзіне тән мәдени ерекшеліктер мен өмір салтын сақтап қалу үшін адамдар жаңа ортада мәдени сәйкестіктерін қайта қарастырады, жаңа әлеуметтік топтарға қосылады, бұл өз кезегінде олардың қоғамдағы орны мен рөліне әсер етеді. Миграцияның арқасында әртүрлі этностар мен мәдениеттердің араласуы орын алады, бұл белгілі бір уақыт аралығында жаңа мәдени идентификацияның қалыптасуына әкеледі. Әсіресе ауылдық жерлерден қалаларға көшу жағдайында бұл құбылыс айқын көрінеді, өйткені қала өмірі мен ауыл өмірінің айырмашылығы, жаңа орта мен құндылықтардың өзгешелігі адамдардың мәдени бейімделуіне ерекше ықпал етеді.

Мәдени бейімделудің аспектілері:

–Тілдік бейімделу: Мигранттар үшін тіл үйрену, жаңа ортаға бейімделудің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл әсіресе көпұлтты немесе көптілді аймақтарда және

миграциялық ағындардың үлкен ауқымымен сипатталатын жерлерде өзекті болып табылады. Тілдік кедергілер адамдардың әлеуметтік қатынастарын қиындатуы мүмкін және жаңа қоғамға толықтай енуіне кедергі жасайды.

–Құндылықтар мен дәстүрлердің өзгеруі: Миграция кезінде әртүрлі мәдени құндылықтар мен дәстүрлердің араласуы орын алады. Адамдар жаңа әлеуметтік құрылымдарға енген кезде өздерінің бұрынғы дәстүрлерін сақтау мен жаңа қоғамдағы құндылықтарды қабылдау арасында теңгерім табуы қажет болады. Бұл процесс халықтың мәдени идентификациясына, дәстүрлеріне және ұлт ретінде өзін-өзі тануына әсер етеді.

–Дін мен дінге қатысты дәстүрлердің әсері: Дін де мәдени бейімделудің маңызды аспектісі болып табылады. Қоныс аударған этностар көбінесе өзінің діни наным-сенімдерін сақтай отырып, жаңа діндермен немесе дінсіздікпен бейімделуге ұмтылады. Бұл фактор мәдени шиеленістердің туындауына және жаңа қоғамда дінаралық қарым-қатынастардың дамуына әсер етеді.

–Қоғамдық құрылым мен әлеуметтік интеграция: Миграция кезінде жаңа әлеуметтік құрылымдар қалыптасады. Әр түрлі этностар жаңа ортада өздерінің қоғамдық құрылымдарын сақтайды, бірақ жаңа жердегі әлеуметтік қатынастарды түсіну мен оған бейімделу қиындық тудырады. Бұл жағдай этностардың әлеуметтік интеграциясына әсер етеді. Мигранттар кейде қоғамда толыққанды орнығып, жаңа ортаға бейімделуге қиыншылықтар туындайды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫСТАР МЕН МИГРАЦИЯНЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӘСЕРЛЕРІ

Экологиялық дағдарыстар мен миграцияның ұзақ мерзімді әсерлері халықтардың әлеуметтік және мәдени дамуында маңызды рөл атқарады. Бірнеше буыннан тұратын миграциялық үрдістер кезінде этностардың мәдени бейімделуі кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Мысалы, алғашқы көшіп келушілер жаңа жерде өмір сүре отырып, өздерінің дәстүрлерін сақтап қалады, бірақ келесі ұрпақтар жаңа қоғамның ықпалымен бейімделіп, жергілікті мәдениетпен бірігіп кетуі мүмкін. Бұл процесс ұзақ уақытқа созылуы мүмкін және оның барысында көптеген әлеуметтік және мәдени өзгерістер орын алады.

Сондай-ақ, экологиялық миграцияның нәтижесінде пайда болатын жаңа әлеуметтік құрылымдар көбінесе бұрынғы ауылдық немесе дәстүрлі қоғамдық қатынастарды өзгертуге әкеледі. Миграцияның бірінші кезеңінде тұрғындар жаңа жерде әлеуметтік қиындықтарға тап болуы мүмкін, бірақ ұзақ мерзімді перспективада олар жаңа қоғамда белсенді және өнімді мүшелерге айнала алады. Әсіресе, мигранттар білім, еңбек нарығында жаңа мүмкіндіктер мен әлеуметтік жағдайларды таба отырып, жаңа ортада жетістікке жетуі мүмкін.

Миграцияның экологиялық жүйелерге әсері. Экологиялық дағдарыстар мен миграцияның өзара байланысы күрделі және көпқырлы құбылыс болып табылады. Табиғи ресурстардың сарқылуы, экологиялық апаттар және қоршаған ортаның ластануы халықтардың көші-қонуына және жаңа жерлерде бейімделуіне тікелей әсер етеді. Осы факторлар этностардың мәдени бейімделуі мен әлеуметтік құрылымдарының өзгеруіне себеп болады, сондай-ақ экологиялық жүйелерге теріс ықпалын тигізеді.

Табиғи ресурстардың сарқылуы және экологиялық шиеленіс.

Табиғи ресурстардың, мысалы, жер, су, орман және пайдалы қазбалардың тапшылығы халықтар арасында бәсекелестікті күшейтеді. Бұл мәселе этникалық топтар арасында жерді пайдалану немесе ресурстарға қол жеткізу құқығы үшін дау-жанжалдардың туындауына әкелуі мүмкін. Ресурстардың азаюы әлеуметтік шиеленістерді өршітеді, бұл этностардың мәжбүрлі миграциясын тудырып, олардың өмір салты мен мәдениетін өзгертеді. Миграцияның нәтижесінде халықтар жаңа ортада өмір сүруге бейімделіп, өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтауға немесе өзгертуге мәжбүр болады. Мысалы, Арал теңізінің тартылуы мен

агроэкологиялық дағдарыс Қазақстан мен Өзбекстанның Арал маңы тұрғындарының қоныс аударуына себеп болды. Бұл апат аймақтың экологиялық жүйесін бұзып, әлеуметтік және мәдени салдарларға әкелді.

Қоршаған ортаның ластануы мен денсаулыққа әсері.

Ірі өнеркәсіптік қалалар мен экологиялық апат аймақтарында ауа мен судың ластануы халықтың денсаулығына кері әсер етеді. Семей ядролық полигоны мен Байқоңыр ғарыш айлағы сияқты аймақтар экологиялық зардаптардан зардап шегіп, халықтың көшуіне мәжбүр етті. Радиоактивті ластану мен химиялық қалдықтар жергілікті тұрғындардың денсаулығына теріс әсерін тигізіп, оларға жаңа аймақтарға көшу қажеттілігін туындатты. Мұндай жағдайлар этностардың мәдени бейімделуін қиындатады, себебі жаңа ортада өмір сүруге бейімделу барысында олар өздерінің дәстүрлерін сақтап қалуға тырысады, бірақ экологиялық қиындықтар мен жаңа әлеуметтік құрылымдарға ену көптеген қиындықтар тудырады.

Урбанизация және экологиялық жүйелерге әсері.

Миграция мен урбанизация табиғи ресурстарға жүктемені арттырып, экологиялық жүйелерді бұзуы мүмкін. Қалаларда инфрақұрылым салынуы, жаңа тұрғын үй алаңдарының пайда болуы және өнеркәсіптік нысандардың құрылуы табиғи жерлердің жойылуына және экосистемалардың әлсіреуіне әкеледі. Урбанизация нәтижесінде ормандар мен шалғындар, табиғи ландшафттар жойылып, олардың орнына құрылыс алаңдары мен өндірістік аймақтар пайда болады. Бұл флора мен фаунаға теріс әсер етеді, экологиялық жүйелердің бұзылуына себеп болады. Сонымен қатар, қалалардағы ауаның ластануы мен су тапшылығы экологиялық дағдарысқа ұрындыруы мүмкін. Жаңа тұрғындар санының өсуі қала маңындағы су ресурстарын теңгерімсіз пайдалануға әкеліп, экологиялық мәселелерді күшейтеді.

Климаттың өзгеруі және көші-қонның жаңа жағдайлары.

Климаттық өзгерістердің әсері де көші-қон процесіне әсер етеді. Жаһандық жылыну мен климаттық өзгерістер су тапшылығы, құрғақшылық және табиғи апаттардың жиілеуіне себеп болып, халықтың көшіп-қонуын күшейтеді. Осы өзгерістер табиғи ресурстардың тапшылығын тудырып, экологиялық дағдарысқа әкеледі. Ауыл шаруашылығымен айналысатын халық, климаттың өзгеруіне байланысты, жаңа жерлерге көшуге мәжбүр болады. Климаттық өзгерістер мен экологиялық апаттар арасында тығыз байланыс бар, және олар халықтың әлеуметтік және экономикалық жағдайына елеулі әсер етеді.

Қалалық инфрақұрылым және экологиялық тұрақтылық.

Урбанизация процесінің тағы бір маңызды салдары қалалық инфрақұрылымның дамуы мен экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы болып табылады. Қалаларда су, ауаның ластануы, қоқыс мәселелері, энергия тұтыну және табиғи ресурстардың шамадан тыс пайдаланылуы экологиялық дағдарысқа әкелуі мүмкін. Қалаларда инфрақұрылымның жетіспеушілігі, қалдықтарды басқарудың тиімсіздігі және экологиялық қауіпсіздіктің төмендеуі ресурстарды қайта пайдалану мен табиғи қорларды сақтау мәселелерін тудырады. Сонымен қатар, қала маңындағы аймақтарға миграция нәтижесінде урбанизация күшейіп, табиғи жүйелердің әлсіреуі мен экологиялық зиянға әкеледі.

Көші-қон мен урбанизация экологиялық дағдарыстар мен әлеуметтік өзгерістердің салдары ретінде экологиялық жүйелерге үлкен әсер етеді. Миграцияның нәтижесінде жаңа жерлерде экологиялық мәселелердің күрделенуі, табиғи ресурстардың тапшылығы, және әлеуметтік құрылымдардың өзгеруі байқалады. Осыған байланысты, көші-қон мен урбанизацияның экологиялық және әлеуметтік аспектілерін үйлесімді басқару маңызды болып табылады. Экологиялық тұрақтылықты сақтау үшін қалалық инфрақұрылымның дамуы, экологиялық таза технологияларды енгізу және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелеріне баса назар аудару қажет.

Кесте 1. Экологиялық факторлар мен олардың миграцияға әсері

Экологиялық фактор	Миграцияға әсері	Салдары
Климаттың өзгеруі	Шөлейттену, теңіз деңгейінің көтерілуі, су тапшылығы халықты көшуге мәжбүр етеді	Ауыл шаруашылығына кері әсер, экожүйенің бұзылуы
Табиғи ресурстардың сарқылуы	Жұмыссыздық, өмір сүру жағдайының нашарлауы	Әлеуметтік шиеленіс, этностар арасында қақтығыстар
Агроэкологиялық өзгерістер	Ауыл шаруашылығының құлдырауы, жердің тозуы	Ауыл тұрғындарының қалаларға немесе шетелге көшуі
Табиғи апаттар	Су тасқыны, құрғақшылық, жер сілкінісі, өрттер адамдарды қауіпсіз аймақтарға көшуге итермелейді	Тұрғын үйлердің жойылуы, экономикалық және мәдени шығындар
Қоршаған ортаның ластануы	Ауаның, судың ластануы – денсаулыққа зиян	Халықтың денсаулығының нашарлауы, көшуге мәжбүр болу

ҚОРЫТЫНДЫ

Экологиялық үдерістер мен этностардың миграциясы арасындағы өзара байланыс қазіргі таңда әлемдік масштабта маңызды мәселеге айналды. Климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың сарқылуы, агроэкологиялық жағдайлардың нашарлауы және табиғи апаттардың жиілеуі халықтың қоныс аударуына мәжбүр етеді. Осы факторлар экологиялық миграцияны күшейтеді, ол өз кезегінде жана экологиялық және әлеуметтік мәселелерді тудырады. Миграция процестері экожүйелердің бұзылуына, этностар арасындағы қақтығыстарға, жергілікті мәдениеттердің өзгеруіне және әлеуметтік тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін.

Миграцияның экологиялық жүйелерге әсері де үлкен мәселе болып табылады. Халықтың жаңа аймақтарға көшуі экологиялық ресурстарға жаңа жүктеме түсіреді, бұл өз кезегінде жергілікті экожүйелердің сарқылуына және урбанизацияның күшеюіне әкеледі. Қалалар мен өнеркәсіптік аймақтардың кенәуі табиғи ресурстарды қайта бөлуді талап етеді, бұл жаңа экологиялық дағдарыстарға, сондай-ақ су тапшылығы, топырақтың деграациясы және басқа да экологиялық мәселелерге себеп болуы мүмкін. Қалалардың шоғырлануы және инфрақұрылымның дамуы экологиялық тепе-теңдікті бұзып, табиғи жерлердің жойылуына, ормандар мен су ресурстарының азаюына әкеледі.

Экологиялық миграцияның әлеуметтік салдары да елеулі. Халықтардың көшуі жаңа аймақтарда әлеуметтік шиеленістер мен қақтығыстарды күшейтуі мүмкін, әсіресе этностар арасында мәдени, тілдік және діндік айырмашылықтар болса. Бұл жағдай жергілікті тұрғындармен өзара түсіністікке және бейімделуге қатысты қиындықтарды туғызады. Мигранттар жаңа ортада еңбек нарығында бәсекелестікке, әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінде қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл әлеуметтік тұрақсыздықтың пайда болуына ықпал етеді.

Осы мәселелерді шешу үшін бірнеше маңызды шаралар қарастырылуы қажет. Біріншіден, экологиялық қауіптерге бейімделу саясатын қалыптастыру өте маңызды. Мұндай саясат халықтың экологиялық дағдарыстарға және миграциядан туындайтын қиындықтарға бейімделуін жеңілдетуге көмектеседі. Бұл ретте экологиялық қауіптердің алдын алу, мигранттардың жағдайларын жақсарту және олардың жаңа қоғамда бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті және ұлттық деңгейде кешенді шаралар қолға алынуы тиіс.

Екіншіден, халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажет. Экологиялық миграцияның салдары бір ғана мемлекеттің шеңберінде ғана емес, бүкіл өңір немесе әлем бойынша сезіледі.

Сондықтан халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер бірлесіп жұмыс істеуі керек. Мысалы, экологиялық мигранттарға арналған көмек көрсету, климаттық өзгерістердің алдын алу бойынша бірлескен жобалар жасау және экологиялық дағдарыстарға қарсы тұрақтылықты қамтамасыз ету шаралары маңызды.

Үшіншіден, экологиялық мигранттарға арналған заңнамалық базаны құру және олардың құқықтарын қорғау қажет. Экологиялық миграцияның көбейуімен бірге, мигранттардың құқықтары мен қажеттіліктерін қорғау заңнамалық деңгейде реттелуі тиіс. Олар өздерінің жаңа қоғамда толыққанды азаматтық құқықтарға ие болуы және әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуі керек. Халықаралық құқық жүйесі бұл мәселені шешуде маңызды рөл атқаруы мүмкін, сондай-ақ ұлттық заңдар мен халықаралық шарттар арасында үйлесімділік орнату қажет.

Қорытындылай келе, экологиялық өзгерістер мен миграциялық процестер арасындағы байланыс мәселесі тек теориялық ғана емес, сонымен қатар практикалық тұрғыда да зерттеліп, нақты шешімдер табуы талап етеді. Бұл үдерістердің нәтижелері бүкіл әлемде әлеуметтік және экологиялық тұрақтылыққа қауіп төндіруі мүмкін, сондықтан халықаралық ұйымдар мен мемлекеттердің бірлескен жұмысы экологиялық қауіптерді азайтып, этностардың жаңа жағдайларға бейімделуін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Құрылымдық өзгерістер, экологиялық білім беру, тұрақты даму принциптерін іске асыру және экологиялық дағдарыстарды болдырмауға бағытталған саяси шешімдер маңызды болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Айбын. Энциклопедия / Бас ред. Б. Ө. Жақып. (2011). Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 880 б.// Aibyn. Entsiklopediia / Bas red. B. O. Zhakup. (2011). Almaty: Qazaq entsiklopediiasy.
- Алексеенко, Н. В., & Алексеенко, А. Н. (1999). Население Казахстана за 100 лет (1897–1997). Усть-Каменогорск, 15 б., 157 б.// Alekseenko, N. V., & Alekseenko, A. N. (1999). Naselenie Kazakhstana za 100 let (1897–1997). Ust-Kamenogorsk.
- Алимбаев, Т., Омарова, Б., Абжаппарова, Б., Ильясова, К., Ермагамбетова, К., & Мажитова, Ж. (2020). Окружающая среда Восточного Казахстана: состояние и основные направления оптимизации.// Alimbaev, T., Omarova, B., Abzhapparova, B., Ilyasova, K., Ermagambetova, K., & Mazhitova, Zh. (2020). Okruzhaiushchaia sreda Vostochnogo Kazakhstana: sostoianie i osnovnye napravleniia optimizatsii.
- Асылбеков, М.-А. Х., & Жаргенова, А. М. (2001). Қазақстан халқы XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында (1897–1917). Алматы, 25 б.// Asylbekov, M.-A. Kh., & Zhargenova, A. M. (2001). Qazaqstan khalqy XIX ghasyrdyng songy – XX ghasyrdyng basynda (1897–1917). Almaty.
- Гусев, Б. И., Абылқасимова, З. Н., & Апсаликов, К. Н. (1997). Семипалатинский ядерный испытательный участок: первая оценка радиологической ситуации и связанных с испытаниями доз радиации на окружающих территориях. Biophysics Radiat Environ, 36(3).// Gusev, B. I., Abylkassimova, Z. N., & Apsalikov, K. N. (1997). Semipalatinskii yadernyi ispytatel'nyi uchastok. Biophysics Radiat Environ, 36(3).
- Дүрмекбаева, Ш., & Мемешов, С. (2014). Қазақстандағы экология жағдайының қалыптасуы: оқулық. Астана, 160 б.// Durmekbaeva, Sh., & Memeshov, S. (2014). Qazaqstandagy ekologiia zhaqdaıynuı qalyptasuı: oqılıq. Astana.
- Исмаилова, А. Е. (2021). Экологические проблемы Казахстана: Семипалатинский ядерный полигон. Управление технологической сферой.// Ismailova, A. E. (2021). Ekologicheskie problemy Kazakhstana: Semipalatinskii yadernyi poligon. Upravlenie tekhnologicheskoi sferoi.
- Куйдин, Ю. (1997). Ядерная трагедия Казахстана. Алматы: Общественный антиядерный экологический фонд «Феникс», 256 с.// Kuıdin, Iu. (1997). Yadernaia tragediia Kazakhstana. Almaty: Obshchestvennyi antiadernyi ekolohicheskii fond "Feniks".
- Омурова, Д., Жанбоссинова, А., Курумбаева, Г., Курбанова, Н., Хассенова, Ж., Бекбоева, А., &

Карасартова, Ч. (2024). О состоянии окружающей среды и природной среды Восточно-Казахстанской области. Экология, охрана окружающей среды и сохранение биологического разнообразия.// Omurova, D., Zhanbossinova, A., Kurumbaeva, G., Kurbanova, N., Khassenova, Zh., Bekboeva, A., & Karasartova, Ch. (2024). O sostoianii okruzhaiushchei sredy i prirodnoi sredy Vostochno-Kazakhstanskoi oblasti. Ekologiya, okhrana okruzhaiushchei sredy i sokhranenie biologicheskogo raznoobraziia.

Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 года. Том 84: Семипалатинская область. (1905). Санкт-Петербург: Тип. «Слово», 147 с., с. 29.// Pervaia vseobshchaia perepis naseleniia Rossiiskoi imperii 1897 goda. Tom 84: Semipalatinskaia oblast'. (1905). Sankt-Peterburg: Tip. "Slovo", p. 29.

Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 года. Том 84: Семипалатинская область. (1905). Санкт-Петербург: Тип. «Слово», 147 с., с. 31–37.// Pervaia vseobshchaia perepis naseleniia Rossiiskoi imperii 1897 goda. Tom 84: Semipalatinskaia oblast'. (1905). Sankt-Peterburg: Tip. "Slovo", pp. 31–37.

Первый общий перепис населения Российской империи 28 января 1897 года: Имперский свод данных. Том 1. (1898). Санкт-Петербург.// Pervyi obshchii perepis naseleniia Rossiiskoi imperii 28 ianvaria 1897 goda: Imperskii svod dannykh. Tom 1. (1898). Sankt-Peterburg.

Сухорукова, С. М. (1988). Экономика и экология (политэкономический аспект). Москва: Высшая школа, 111 с.// Sukhorukova, S. M. (1988). Ekonomika i ekologiya (polit-ekonomicheskii aspekt). Moskva: Vysshiaia shkola.

Якубовская, Е. Я., Нагибин, В. И., & Суслин, В. П. (2000). Семей ядролық полигоны: кеше, бүгін, ертең. Новосибирск, 127 б.// Yakubovskaia, E. Ia., Nagibin, V. I., & Suslin, V. P. (2000). Semei yadrolyq poligony: keshe, búgin, erteń. Novosibirsk.

Авторлар туралы мәліметтер

Адилбаева Айгуль Серікқанқызы – «Alikhan Bokeikhan University» университеті тарих ғылымдарының докторы, Семей қ., Қазақстан, e-mail: aigulmalika@mai.ru

Ақашева Дильназ Жұлдызқызы – «Alikhan Bokeikhan University» университетінің 2 курс магистранты, Семей қ., Қазақстан, e-mail: akasheva02@inbox.ru

Кумарханова Еркежан Бауыржановна – «Alikhan Bokeikhan University» университетінің 2 курс магистранты, Семей қ., Қазақстан, e-mail: Kkumarxanova@gmail.com

Сведение об авторах

Адилбаева Айгуль Сериккановна – доктор исторических наук, университет «Alikhan Bokeikhan University», г. Семей, Казахстан, e-mail: aigulmalika@mai.ru

Ақашева Дильназ Жұлдызқызы – магистрант второго курса университета «Alikhan Bokeikhan University», г. Семей, Казахстан, e-mail: akasheva02@inbox.ru

Кумарханова Еркежан Бауыржановна – магистрант второго курса университета «Alikhan Bokeikhan University», г. Семей, Казахстан, e-mail: Kkumarxanova@gmail.com

Information about the authors

Adilbayeva Aigul Serikkankyzy – Doctor of Historical Sciences, «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Kazakhstan, e-mail: aigulmalika@mai.ru

Akasheva Dilnaz Zhuldyzkzy – second-year master's student at «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Kazakhstan, e-mail: akasheva02@inbox.ru

Kumarhanova Erkezhau Bauyrzhanovna – second-year master's student at «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Kazakhstan, e-mail: Kkumarxanova@gmail.com